

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ-ҚАРАҚАЛПАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ДАМУ ҮДЕРІСТЕРІ

Абдигалиева Ұлбосын

ҚМУ. Қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің 4-курс студенті

Смамутова Ширин

ҚМУ. Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.ф.д(PhD)

Аннотация. *Мақалада лириканың өзіне тән ерекшеліктері, қазіргі қазақ-қарақалпақ лирикасының даму үдерістері сөз болады. XIX ғасырда Абай, Әжінияздан бастау алған қазақ-қарақалпақ лирикасының қазіргі таңдағы өзіндік сипаты мен бағытына тоқталады.*

Лирикада әсерлілік күші басым. Сырлы суретке толы. Сондықтан лирикада баяндаудан гөрі суреттеу жағы көбірек кездеседі, сол арқылы оқырманның жан дүниесіне үлкен шабул жасап, ерекше сезім сыйлайды. Лирикада да шындық айтылады, сөз суреттері сезім сырларымен астасып, қабысып жатады. Жалаң қайғы, бірыңғай қуанышты айтып қоймайды, сол мұң мен қайғының, қуаныш пен күлкінің артындағы шындықтың қамтитын құлашы кең, әлемдік шындықпен тұтасып жатады. Лирикалық жырларды оқығанда сана-сезімнің пернелеріне дәл тиіп, тілің емес жаның сөйлейді. Көңіл-күйі тебіренеді, жаны тулайды. Құс болып қалықтап, ән болып шарықтайды. Лириканың қуаты осында. Лириканы талантты ақындар ғана жаза алады. Дарынсыздардың жазғаны ойбай мен айқайдың деңгейінен аса алмайды.

Қазақ-қарақалпақ әдебиетінде лирика жанры қай дәуірде туа бастады деген сұраққа үніліп көрейік. Қарақалпақ сөз өнерінің табиғатын жақсы білетін фольклоршы алым Қ.Айымбетов XIX ғасырдағы қарақалпақ ақындарының жазба әдебиеттің өкілдері екенін сонымен қатар олардың халық жыршыларының да өкілі екендігін, олардың «әрі ақын, әрі жыршы, әрі әнші, әрі қыссахан» болып жан-жақты қалыптасқанын айтады [1].

Қазақ-қарақалпақ әдебиетінде лирика XIX ғасырдан бастау алып, оның мықты өкілдері ретінде Абай мен Әжінияз ақынды атап өтуімізге болады. Ақындардың шығармаларында қоғамдық-тарихи, тұрмыстың көзқарасын аңғарту үшін тиісті көркем формаларды қолдануы нәтижесінде лирика жанры туады.

XIX ғасырдағы поэзияны зерттеген қазақ-қарақалпақ ғалымдары әдеби жанрлар да соның ішінде лирика жанрының пайда болуын, оның бұрынғы жыраулар поэзиясынан қай тұсымен ерекшеленетіндігін, лириканың тәртіп, талаптарға сай қалыптасқанын көрсетеді. Лириканың әдеби түр сипатында жалпы қасиеттерін, оның ішкі жіктелу заңдылықтарына, жалпы теориялық бағдарда әдебиеттану ғылымының жетіскендіктерін, сондай-ақ бұл бойынша кең талдаулар жасаған белгілі әдебиетшілер, Г.Н. Пospelов, У.Туйчиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Қ.Жұмалиев, Қ.Жәрімбетов, Қ.Айымбетовтардың т.б. пікірлерін есепке алуымызға болады.

XX ғасыр қазақ-қарақалпақ лирикасының қоржынына көптеген лирикалық дүниелер салды. Қазақ-қарақалпақ ақындарынан: Қасым Аманжолов, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Төлепберген Мәтмуратов, Шаудырбай Сейтов, Байғанияз Қайыпназаров, Ибраһым Юсупов және т.б. ақындардың лирикалық туындыларын ерекше атап өтуімізге болады.

XXI ғасырға келіп лирика жанры жан-жақты дами түсті. Дей тұрғанмен олқылықтары да жоқ емес. Әлеуметтік желінің кең өріс алуы дарынсыз «лириктердің» де көбейуіне алып келді. Қазіргі әдеби процесті «Өлеңге әркімнің де бар таласы» деп атауға мүлде болмайды. Өйткені бүгінгі таңда өлең деген «еріккеннің ермегіне» айналды. Аса қастерлі, қасиетті өлең деген ұғымды аяққа таптаушылар көбейді. Оқырман қауымның талғамы төмендеді. Адамдар көкжасық, сұрқай өлеңдерді оқып, поэзиядан көңілі қалды. Өресі биік өлеңдер азайды.

Қазіргі идеяны кеңестік кезеңіндегідей қоғам ұсынып отырған жоқ, өйткені қоғамда салғырттық басым. Қазіргі идеяны өмірдің өзі, қоғамдық қатынастар ұсынып отыр. Қоғам туғызған өткір мәселелер Иран-Ғайып, Темірхан Медетбек сынды аға буын ақындардың шығармашылығынан орын алса, бірқатар ақындар өткен тарихты қалған ел өміріндегі маңызды оқиғалар мен тарихы тұлғаларды түгендеуге бағыттады. Т. Әбдікәкімов, Г.Салықпай, М.Райымбекұлы, Б.Беделхан, Т.Ешенұлы, Қ.Сарин, А.Елгезек, Е.Жүніс, қарақалпақ ақындарынан Х.Дәулетназаров, Б.Сейтаев, О.Сәтбаев, М.Жуманазарова, Г.Дәулетова сияқты жаңа үрдістің ақындары шығармашылығында жаңа көзқарасты, шығармаларды интонациялық мазмұнының декламативті емес, индивидуалды сипаты жетілген түрде көрінеді.

Жаңа әдебиет кеңес қоғамындағыдай жалпы қоғамдық іс емес. Қазір ақындардың немесе әдебиетшілердің, жалпы аз топтың ісіне айналған. Қазір шын поэзияны бағалайтын оқырмандар авторларының жинақтарын өздері тауып, оңашада өзі ғана оқиды. Кезінде, Мұхтар мен Гүлнәр өлеңді екі түрлі аудиторияға арнады. Мұхтардың өлең жазу процесінде қолдаушысы – үлкен қауым болса, Гүлнәрдің көз алдында жалғыз оқырман болады. Мұхтар Шаханов өлеңдерінің екпінділігін, қайраттылығы мен жігерлілігінің бастауы – көпшілік, ал Гүлнәр Салықбай өлеңдерінің қайнары – жұмбағы мол, кей тұста айтылмай іштен ұғынатын, нәзік сезімді, тұнық, ішкі толғанысы мен тербелісі мол жанның сыры. Мұхтар өлеңін өндірте жазған шақтар бар адамның, бүкіл қоғамның өлең оқитын, жырға құмар шағы еді. Гүлнәр өлең жазғанда қоғам мен адам рухани құндылықтардан гөрі әлеуметтік қайшылықтар алға шығып, өлең жеке адамның мәселесі шеберіне ойысқандықтан оның тақырыбы мен идеясы, көркемдік-бейнелілік ерекшеліктері, интонациялық – мелодикалық жүйесі өз қоғамының тереңінен тамыр тартты.

Қазіргі әлем әдебиеттануында «оқырман және оның көркем шығарманы қабылдауы» деген мәселе өткір қойылып келеді. Оқырманның талғамына және әлеуметтік сатысына сай әдебиеттің түрлері де қалыптасты. «Әлем елдері поэзияның жаңа бағытына көшіп алса да, біздің қазақ поэзиясы ескі әлаулаймен әлі келе жатыр. Біз әлі төрт жолы бір шумақтан тұратын ескі өлең құрылысынан шыға алған жоқпыз».

Осы келтірілген пікірдің барлығы «Сөз түзеледі, тыңдаушы сен де түзел» деген ұлы Абай сөзінің сарынымен үндес. Әрбір дәуірдің, қоғамның әдебиетке, сөз өнерінің бағалауы, қабылдауы әрқилы болмақ. Оның өзін де тұрмыс билейтіні жасырын емес. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің халыққа етене жақын болуының себебі халықтың көңілін демеуші өнер түрі санаулы болды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің халыққа қадірлі болуының себебі қоғам мен мәдениет, оның ішінде әдебиет дамудың негізі болды. Халық болашағын байланыстырған оқу-ағарту әдебиетпен, жалпы қаламгердің шығармашылығымен сабақтастықта болды.

Қазіргі таңдағы қазақ-қарақалпақ лирикасының формалық тұрғыдан жаңаруының негізін сол лириканың ішкі тақырыптық-көркемдік жүйесі, экспрессивтік-эмоционалдық сипаты тұрғыдан жаңғыруынан іздеуге болады. Қазақ өлең құрлысы да осындай тынайған ішкі факторлардың қажетіне сай эволюциялық тұрғыда жаңарады. Дәл осы шақта, яғни, қазақ жаңғырып қана қоймай, ерекшелік жанданды. Қазақ өлеңінің даму кезеңдері тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелік жүйесімен қоса ырғақтық-интонациялық жүйесін де жаңартты. Бұл жаңарту тұтас тарихи-саяси, қоғамдық-мәдени көлемде табиғи жолмен өрістеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы. Жазушы.1973. 207-бет.
2. Егеубаев А «Сөз жүйесі» Алматы- 1985
3. Доспанов С. «Қазына» Алматы. Жазушы.232-бет
4. Кәрібаева Б. «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы» Алматы. «Жазушы» 1988ж.